

**"Қазақстан метрология институты (ҚазМетИн)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы <\*>**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1342

*ЕСКЕРТУ. Тақырыбында және мәтіндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.09. N 1227 қаулысымен .*

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізуші құқығында "Қазақстан метрология институты (ҚазМетИн)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорын )

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті мемлекеттік басқару органымен а й қ ы н д а с ы н . < \* >

Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталық болып а н ы қ т а л с ы н . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.28. N 485 қ а у л ы с ы м е н .*

2. Мемлекеттік кәсіпорынның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасында жасалатын және импортталатын өлшеу құралдарына белгіленген талаптарға сәйкес сынақ жүргізу;

лицензиялауға жататын өлшеу құралдарын жасау, тексеру және жөндеу жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың қызметін зерттеу және дайындау, болып айқындалсын; < \* >

халықаралық талаптарға сай өлшем бірлігін қамтамасыз ету үшін метрология жөніндегі техникалық (эталондық) базаны және нормативтік құжаттардың үйлесімділігін жетілдіру, өлшем бірлігін қамтамасыз ету мен сертификаттау саласында аккредиттеу кезінде ұйымдарды техникалық тексеру, осы салада мамандарды даярлау және біліктілігін көтеру. < \* >

метрология саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау; шамалар бірліктерінің мөлшерлерін мемлекеттік эталондардан кәсіпорын э т а л о н д а р ы н а б е р у ;

өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз ету;

уақыт пен жиіліктің, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің

стандартты үлгілерінің, заттар мен материалдардың физикалық константалары және қасиеттері туралы стандартты анықтамалық деректердің мемлекеттік қызметтерінің іс-әрекетіне байланысты жұмыстарды жүргізу.

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.08.09. N 1227 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.28. N 485 қаулысымен*

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті бір ай мерзім ішінде мемлекеттік кәсіпорын жарғысын бекітсін және оны белгіленген тәртіпте тіркесін.

4. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде мемлекеттік кәсіпорынды тіркеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін толықтыру жөнінде ұсыныс енгізсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*бірінші орынбасары*